



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2022 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы  
ұлттық валютада шамамен 800 трлн теңгеге қолма-қол ақшасыз  
төлемдер мен аударымдар жүргізілді**

*ҚҰБ төлем жүйелерінде орташа есеппен минутына шамамен  
5 миллиард теңгеге төлемдер өңделеді*

*2023 жылғы 7 наурыз*

Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (бұдан әрі – БААЖ) мен Банкаралық клиринг жүйесінің (бұдан әрі – БКЖ) операторы болып табылады. ҚҰБ-тың осы төлем жүйелері ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін және Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

2022 жылы төлем жүйелері мен қаржы ұйымдарының тікелей корреспонденттік шоттары арқылы ұлттық валютадағы қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемі **897,5 трлн теңгені** құрады. Бұл ретте Ұлттық Банктің БААЖ және БКЖ төлем жүйелері арқылы **787,2 трлн теңге** немесе осы көлемнің **87,7%-ы** өткізілді.

Операциялық күн ішінде БААЖ және БКЖ ұлттық төлем жүйелеріне түсетін орташа жүктеме күніне **3,2 трлн теңге** сомасына **266,4 мың төлемді** құрайды. **Орташа есеппен минутына** ҚҰБ төлем жүйелері арқылы **4,9 млрд теңгеге** операциялар жүргізіледі. Операциялардың ең көп саны осы жүйелерде сағат 12:00-ден 13:00-ге дейін өңделеді.

2022 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілік коэффициенті **99,85%** болды. Бұл белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асып түсіп, ұлттық төлем жүйелері жұмысының жоғары тиімділігін сипаттайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ұлттық төлем жүйелерін жетілдіру және жаңа инфрақұрылымдық шешімдерді енгізу жұмыстарын Қазақстан Республикасында [ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасына](#) сәйкес жүргізетінін еске саламыз.

Бұдан басқа, ҚҰБ қаржы нарығының қатысушыларымен бірлесіп Қазақстан Республикасының төлем жүйелеріне ISO 20022 қаржылық хабарларды берудің халықаралық стандартын енгізу жөніндегі жобаны іске асырады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)